

3. Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңы 15 желтоқсан 2006ж. // <https://online.zakon.kz/>
4. Кроуфорд М.Д. Законодательные акты советского государства как источник изучения музейного менеджмента // Вестник Томский государственный университет. 2018 г. №29.
5. Юренева Т.Ю. Музееведение: Учебник для Высшей школы. 2-ое издание. 2004 г. - 469 с.
6. Наличие учреждения культуры динамическая таблица//Электронная статистика Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан период 1995-2019 гг. <https://stat.gov.kz/>
7. Ермагамбетова К.С. Қазақстандағы мәдени брендинг: теориялар және тәжірибелер. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация – А., 2019. 151 б
8. ҚР мәдениеті бойынша Статистикалық жинақ 2015-2019. Нұр-сұлтан 2020 ж. - 70 б
9. Майсейтова А. Дом, который помнит Сакена // Казахстанская правда газета. 18 октября 2018 г.
10. Тоқтамұрат Қ. Ұлттық Музей-Қазақстан тарихының жылнамасы // Астана ақшамы. 2014ж.
11. ҚР мәдениеті бойынша Статистикалық жинақ 2015-2019. Нұр-сұлтан 2020ж. - 70 б.
12. ҚР мәдениеті бойынша Статистикалық жинақ 2015-2019. Нұр-сұлтан 2020ж. - 70 б.
13. ҚР Мәдениет туралы заңы ескерту 28.10.2015 жылы №368V // <https://adilet.zan.kz/>
14. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының тұжырымдамасы 4 қараша 2014 ж. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000998>
15. Қ.Үсемханұлы. Музей ісіне жаңа көзқарас // Астана ақшамы. 24 қараша 2020 ж.

### **ХІХ ҒАСЫР СОҢЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ («ДАЛА УӘЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

**Мәшімбаева Г.С., т.ғ.к., аға оқытушы**

Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті  
Орал қ., Қазақстан

ХІХ ғасырдың соңында әлемнің бірқатар елдері отарға айналды. Үстем державалар өзге мемлекеттерді жаулау мен рухани отарлау шараларын қатар жүргізді. Өзтілін, дінін, білім беру жүйесінхалық арасында насихаттап, күштеп енгізіп, соңғылардың ұлттық құндылықтарын жою мен аккультурация үдерісі қатар жүрді. Ресейдің шеткері аймағын мекендейтін халыққа айналған қазақтар үшін де ауыр жағдай қалыптасты.

Мақаланы жазуда жалпы әдіснамалық бағыттар, теориялық мектептердегі деректерге талдау жасау, бағалау басшылыққа алынды. Сонымен бірге тарихи салыстырмалық, жүйелік-құрылымдық хронологиялық-тарихи, логикалық-тарихи тәсілдері қолданылып, жүйелеу принциптері арқылы зерделенді. Басты принциптер талдау, қорыту болғанын атап өтуіміз керек.

Білім беру, ағартушылық пәнаралық мәселе ретінде, бірқатар ғылым салаларын қамтыды. Дегенмен, әр ғылым саласы бұл тақырып шеңберінде зерттеу нысанын, пәнін анықтады. Ағартушылықтың даму тарихы, қоғамға ықпалы, оның саясиленуі, мерзімді баспасөз беттерінде талдануы тарихшы ғалымдардың да зерттеу тақырыбына айналды.

М.А. Барғ өркениеттің қоғамдағы рөлі жайлы «Барлық уақытта - адамзаттың өркениетке көшуінен бастап-тарихи сана мәдениеттің құрылымдық элементі болды. Өйткені әр дәуірде кеңістік пен уақыт призмасы арқылы қарастырылатын қоғам туралы әлем мен адамның орны туралы басым идеялар көрініс тапты» деген болатын [1, 3 б.]. ХІХ ғасырдағы отарланушы елдер мысалында «өркениет» саналған жат мәдениетті қабылдату, жекелеген халықтардың ұлттық болмысын жою арқылы жүзеге асты.

Рухани құндылықтар мәселесінде отандық ғалым М.Х. Абусейтова халықтардың өзара қарым-қатынасын зерделеудегі әдіснамалық көптірлілікті айта келіп: «Мәдени өзара іс-қимыл феноменін талдау әртүрлі халықтар жасаған мәдени құндылықтардың теңдігі тұрғысынан жүргізілуі керек» деп есептейді [2, 10 б.]. Қазақ даласындағы өзгерістер бүкіләлем тарихының құрамдас бөлігі ретінде, қарым-қатынастағы көрші мемлекет және халықтармен байланыста зерттелуі керек. Егер де ортаазиялық ұлыстар қазақтар сияқты отарлану үдерісін басынан өткізсе, патшалық Ресей отарлаушы ел ретінде өз «миссиясын» атқарды.

ХІХ ғасырдың соңында қазақ даласында еуропа мәдениетімен, білім беру жүйесімен таныс ұлттық зиялы қауым өкілдері қалыптасты. Ұлттық фәлсафа, болмыс пен халықтық білімді сіңірген

зиялылар тобы да қазақ мүддесі үшін қызмет етті. Тарихшы ғалым М. Қозыбаев «XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы қазақ шежіресінің жазба дәстүрінің қалыптасу кезеңі болды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердиев, Нұржан Наушабаев, Құрбанғали Халид, Мұхамеджан Тынышпаев, Әлихан Бөкейханов сияқты ғалымдардың терең шығармашылық қызметінің арқасында ауызша қазақ шежірелерінің жазбаша-библиографиялық нысанына көшуі басталды» дейді [3, 120 б.]. Қазақ зиялыларының жан-жақты білім алуы, отаршыл аппаратқа төтеп берерлік әлеует қалыптастырып, жазба әдебиеті дамып, баспагерлік ісі жолға қойылды.

Ресейдің Қазақстанды бағындыруы жүзеге асқан соң, қазақтар ресейлік саяси, әлеуметтік-экономикалық жүйеге енді. Көп жылдар бойы жүргізілген азаттық күрес те, патша әкімшілігін қазақтарды өз ықпалында ұстаудың әртүрлі айла-шарғыларын ұйымдастыруға итермеледі. Солардың бірі, патша әкімшілігінің позициясын ұстанатын мерзімді баспасөзді үгіт-насихат құралына айналдыру болды.

XIX ғасырда Қазақстан аумағында патша әкімшілігі жүргізген отарлау шаралары іргелі зерттеулердегі мұрағат құжаттарымен дәлелденді. Патша әкімшілігінің ықпалымен ұйымдастырылған мерзімді баспасөздер, басқарушы аппараттың отарлау құралдарының біріне айналды. Деректанушы ғалым Қ. Атабаев «Түркістан уәлаятының газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» басылымдарына «... қазақ жерлерін Ресейдің отарлау тарихының дерек көзі ретінде қымбат» [4, 72 б.] деген баға берді.

XIX ғ. 70-90 жж. Қазақстанда «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті» баспадан шығарылыптаралды. Патша жарлықтарымен қатар танымдық мақалалар, ақпараттар жарияланып отырған мерзімді баспасөз құралдары, қазақ даласында болып жатқан өзгерістер бойынша негізгі деректер болып табылады. Қ. Атабаев мерзімді баспасөздің деректік маңызы жайлы «... мерзімді басылымдар жазба деректердің басқа түрлерінен тек өзіне ғана тән сипаттарымен ерекшеленеді. Сондықтан оларда сақталған мәліметтерден объективті мағлұмат алу мақсатында зерттеушілер баспасөзді тарихи дерек көзі ретінде арнайы қарастыруы тиіс болады» дейді [5, 149 б.]. Осы мақала деңгейінде «Дала уәлаятының газеті» Ресейдің Қазақстанда жүргізген ағарту саласындағы шараларын айқындауда таптырмас дерек көзі.

Мерзімді баспасөз тарихын отандық тарихшылар, тілтанушы ғалымдар, журналистер т.б. зерттеумен айналысты. «Дала уәлаятының газеті» басылымын зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан - Ү. Субханбердина. Зерттеушінің шығармашылығын деректанушы Қ. Атабаев «...Ү. Субханбердинаның атқарған жұмысын, тұтас бір ғылыми зерттеу институтының атқарған жұмысымен салыстыруға болады» деген болатын [4, 6 б.].

Ү. Субханбердинаның 1989 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Дала уәлаятының газеті» жинағына 1888-1894 жж. қазақ және орыс тілдерінде жарияланған мақалалар енді [6]. Мақалалардың негізгі бөлігін қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетінде танымал аңыз әңгімелер, мысалдар, ертегілер құрады. Қазақ халқының фольклоры бойынша белгілі: Алдаркөсе, Қожанасыр, Жиренше шешен т.б. тұлғалармен қатар, қазақ халқы ертегілерінің үзінділері де, толық нұсқасы да басылды. Қазақтардың дала заңы бойынша үкім шығару мәселелеріне де арналған мақалалар бар.

«Дала уәлаяты газеті» бетінде жарияланған мақалаларда білім, ғылым жайы мәселелері көтерілді. Әр жылдарда ағарту мен ғылыми зерттеулерде өз үлесін қосқан тұлғаларға қатысы бар мәліметтер жарияланды. Ү. Алтынсарин, И.Н. Березин, Ш. Уәлиханов, Н.И. Ильминский т.б. жайлы жазылған мақалаларда олардың өмірбаяны жайлы мәліметтер беріледі.

Мысалы, Ү. Алтынсариннің қазасы жайлы мақалада «Торғай облысының Қостанай қаласында, өткен 17 июльде ұзақ созылған өкпе аурудан Торғай облысының медреселерінің уәкілі инспектор ұлығы Ибраһим Алтынсарин елу екі жасында опат болды. Қазақ арасындағы орыс ісіне мұның өлімі қатты-ақ қырсық» [6, 113 б.] дейді. Ү. Алтынсариннің қайтыс болуы, ағартушы педагогтың сіңірген еңбектерімен қатар, орыс тілін насихаттаушы беделді тұлғаның қазасына өкініш білдірді. Сонымен қатар, мақалада Ү. Алтынсариннің сол кезеңде өлкеде ресейлік білім беру жүйесін таратушы В.В. Григорьев, Н.И. Ильминскийден білім алғаны айтылады. Торғай қаласында орысша-қазақша мектеп ашып, соңында облыс бойынша білім инспекторы болғаны, Торғайда іс жүргізуші, сот саласында қызмет жасағаны айтылады. Ү. Алтынсарин қызметі барысында ер балаларға арналған бірнеше, қыздарға бір оқу орнын, Торғайда өнер мектебін ашқан болатын. Ү. Алтынсариннің 1879 жылы Торғай облысында білім инспекторы қызметі жайлы «Осы қызметте он жыл тұрып, қазақ арасына білім жайып, орысша өнер шашуға жиһат қылды» [6, 114 б.] дейді. Ал Ү. Алтынсариннің қазақтар арасында орысша білім беру қызметі жайлы «Алтынсарин қазақ арасына әуел Еуропаның білім-ғылымын шашқан һәм халықтың Россияға ықыласын ашқан бір артық жан болды» [6, 114 б.] дейді.

Ү. Алтынсариннің ұстазы болған Н.И. Ильминскийдің қазасына орай «Мұнақиб Н.И. Ильминский» [6, 371-372 бб.] мақаласы жарияланды. Н.И. Ильминскийдің ерекшелігі жергілікті

халықтардың, оның ішінде қазақ тілін жақсы меңгерді. Қазақ халқының салт-дәстүрімен жетік таныс болып, қазақ тілінде кітаптар шығарып, орыс тілінде жазылған шығармаларды қазақ тіліне аударумен айналысты. Н. Ильминский өлкеде қазақ халқымен етене арласа отырып орыс тіліне үйретті.

Газет бетінде ғылым саласындағы мәселелер жазылды. Мақалалардың бір бөлігі ғалымдардың өмірбаяны мен зерттеулеріне арналса, келесі мақалаларда ғылым саласындағы жаңалықтарға тоқталды.

Газеттегі «Шоқан Шыңғыс ұғлы Уәлиханов» [6, 517-519 бб.] мақаласы ғалымның туылғанына 60 жыл толуына орайластырылды. Ш. Уәлихановтың өмірбаянын айта келіп, оның ғылыми ізденістері талданды. Ғалымның Қашқар сапарының ғылыми маңыздылығына, қауіп-қатерге толы саяхат сипатталды. Мақала соңында Ш. Уәлихановтың қазақ даласындағы білім беру жүйесінің келешегі жайлы пікірі ретінде «... Россия халқының қорғап, қоршап болысқанымен Азия халықтары ілгері басып һәм наданшылығынан құтылар ма деп ойлар еді» [6, 519 б.] дейді.

«И.Н. Березин. Ғылым хабарлары» [6, 156-157 бб.] мақаласында ғалымның ғылыми ізденістері жайлы ақпарат берілді. Түркі халықтары бойынша негізгі дерек көздері болып табылатын «Шайбанинаме», «Жами аттауарих» еңбектерін аударуда сіңірген еңбегіне баға берілді.

«Жаңа кітаптар» [6, 207 б.] мақаласында А.Е. Алекторовтың Кіші жүз қазақтары жайлы жазған зерттеуіне сипаттама берілген. Кітаптың маңызы жайлы «Сол кітапты білімді, ғылымды қазақтар оқыса, пайдалы. Ата бабаларының қалай жүріп тұрғанына, қалай түзеле бастағанын біледі» [6, 207 б.] дейді. Мақала авторы қазақтар арасында кең таралған шежірешілердің рөлін білмесе керек. Себебі, қазақтың балаға ерте жастан жеті атасын тану, шежіре тарқатуы барлық отбасында қолданылатын үрдіс.

«Дала уалаятының газеті» жинағының 147-бетінде «Ғылым хабарлары» тақырыбындағы мақала енген. Петерборда өткен ғалымдардың жиынында Петри деген ғалымның қазақтар жайлы баяндамасы оқылғаны жайлы ақпарат берілген. Ресей құрамына кіретін қазақтар саны екі жарым миллион деген статистикалық мәлімет берілген. Сонымен қатар, орыс шаруаларының қоныс аударып, жайылымдық жерлердің тарылғаны, қазақтардың отырықшылыққа көшіп, егін еге бастағаны жайлы айтылады. Қазақтардың білім-ғылымға құштарлығы жайлы «Мәзікүр Петридің айтуынша қазақтар білім-ғылымды мейлінше жақсы көреді дейді. Орынбор округындағы медреселерде 8236 қазақ балалары оқиды, 250 қазақ медреселері бар. Қазақ балаларының оқуға зерек, зейінді екендігі міне осыдан көрінеді. Орынбордың гимназия медресесінде 38 қазақ балалары оқиды екен, 8 бала әуелгі мақтау, 2 бала екінші мақтау алыпты» [6, 147 б.] дей келіп, қазақтарға білім беру керектігін, ағарту қызметі дұрыс жолға қойылмаған жағдайда ұлт ретінде жойылып кету қаупі бар екендігі айтылды.

«Ташкенттің күншығыс халқының жазулары» [6, 218-219 бб.] мақаласында Фон-Кауфманның тапсырмасымен Кун Самарқан, Ташкент қалалары мен Хиуадағы кітаптарды Ресейге әкетілуі сипатталады. Хиуадағы кітапханалардың тоналуы жайлы «Хиуаға орыс әскері барып Хиуаны алған мезгілінде қарауыл қойып, ханның сарайына ешкімді тигізбей, сарайға жалғыз Кун кіріп ханның кітаптарын ақтарып, тапқан жақсы кітаптарды Петерборға жіберіпті» [6, 218 б.] дейді. Жорық нәтижесінде ортаазиялық мемлекеттерден парсы, араб, түркі тілінде басылған кітаптар тасып әкетілді.

Газет бетінде тіл мәселесі жиі көтерілді. XIX ғғ. өлкедегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге сәйкес, қазақ тілін бейімдеу мәселелері де айтылды. «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты ауыз сөз» [6, 149-152 бб.] мақаласында жазба қазақ тілі талданды.

Қазақ тілінің түркі халықтарының тілінен ерекшелігі, шығу төркіні, қалыптасуы мен дамуын «О киргизском языке» [6, 546-548 бб.] мақаласында зерттеген. Араб, парсы тілдерінің маңызсыз екендігін, қазақ тілінің «мүшкіл» жағдайын сипаттай келіп «То время и труд, которые наши киргизы употребляют на изучение этих малополезных языков, было бы во стократ полезнее употреблять на изучение своего родного языка и русского языков, которые нам более необходимы. Поддержание и развитие киргизского языка, и распространение русской грамотности, вместо разных ненужных языков, должны составлять, как нам кажется, нравственную обязанность просвещенных представителей киргизского народа...» [6, 548 б.] дейді.

Орыс тілінің аса керек екендігі жайлы келесі мақала «Тіл білгеннің пайдасы» [6, 445-448 бб.]. Автор «Орысша тілді білмектің әрбір мұсылмандарға пайда берулеріне қарай көздері жетіп, өз тұстарынан Россия тілдерін оқыса екен...» [6, 445 б.] дей келіп, діннің де өзге тілдерді үйренуге кедергі жасамайтынына тоқталады.

«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» [6, 392-401 бб.] мақаласында қазақ қоғамындағы өзгерістер жайы айтылады. Шаруашылықтағы, жастар арасындағы қарым-қатынасты сипаттай келіп: «Осы күнде білімді, ғылымды халықтарменен араласқан соң, қазақ халқы бұзылды...» [6, 392 б.] деп,

ақсақалдар арасындағы айтылатын пікірге тоқталған. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі некелесу, үйлену т.б. мәселелерді көтере отырып, заманның өзгеріп келе жатқандығы, оған білім беру жүйесінің ықпал етуі және оның қазақ қоғамына жат екендігі айтылып отыр.

Қазақстан мен Орта Азияның патшалық Ресейге қосылғаннан кейінгі жағдайын «Енді бұрынғы жаугершілік уақыттарының бәрі де қалып, Орта Азия жайларында Россия жұрты барып орнағаннан кейін басқа уақытқа айналды, тыныштық уә жақсы тұрмақ халдеріне түсісіп» [6, 443-444 бб.] дей келіп, алдағы уақытта Орта Азия халықтарының жағдайын ресейлік өнер мен білімге баулы арқылы түзеу мәселесі айтылды.

Сонымен, «Дала уәлаяты газеті» басылымдарында білім беру, ғылым, жалпы ағартушылық жайлы мәселелер жиі көтерілді. Мақаланың бір бөлігі білім беру ісімен айналысып жүрген тұлғалардың жұмысымен таныстыруға арналды. Ы. Алтынсарин, Н. Ильминский сияқты педагогтардың ағартушылық қызметін насихаттады.

Мерзімді баспасөз беттерінде білім беру мекемелері, оқушылар саны жайлы статистикалық мәліметтер берілді. Білім беру мекемелерінің жай күйіне тоқталып, қазақтар арасында орыс-қазақ мектептерінде беделінің артып келе жатқандығы жиі айтылды.

Газет бетінде ғылым жаңалықтары жиі талқыланды. Орта Азия халықтары, оның ішінде қазақ халқына байланысты жүргізілген зерттеулердің нәтижелерімен таныстырып, ғылым үшін де, қазақ халқы үшін де маңызы ерекше айтылды.

Тіл мәселесіне ерекше назар аударылды. Қазақ тілі, оның қолданыс аясы, қатынас құралы ретіндегі маңызына тоқталды. Қазақ тілі жайлы мақалалардың дені дамуы, келешегі орыс тілімен тікелей байланыстырылды. Басқа тілдердің қазақ халқына керек еместігі, барлық саладағы қатынас құралы ретінде орыс тіліне басымдық беру керектігін, оны шенеунік, оқытушылардан т.б. бұлжытпай орындауын талап ету керектігі айтылды.

Жалпы, «Дала уәлаятының газеті» бетінде әртүрлі тақырыптағы мақалалар жарияланды. Мал шаруашылығындағы туындаған мәселелер, қазақ халқының егіншілікке көшу керектігі жайлы ұсыныстар қозғалды. Әлем әдебиеті классиктерінің шығармалары мен қазақ фольклорынан үзінділер бере отырып, тәрбиелік маңызы бар шығармалар іріктелді. Ал, білім беру, ғылым салалары жайлы жазылған мақалаларда, ресейлік білім беру жүйесіне басымдық беріліп жан-жақты насихаттады. Мерзімді басылым патша әкімшілігінің үгіт-насихат құралы ретіндегі қызметін орындады.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Барг М.А. Эпохи и идеи: Становление историзма. – М.: Мысль, 1987. – 348 с.
- 2 Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII-XVIII вв.: (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.
- 3 Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). – Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с.
- 4 Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
- 5 Атабаев Қ. Деректану. – Алматы: «Қазақ тарихы», 2007. – 272 бет.
- 6 Дала уәлаятының газеті. Әдеби нұсқалар / ред. Ү. Субхандердина. – Алматы: Қазақ КСР-інің «Ғылым» баспасы, 1989. – 656 б.

### КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ НЕМІС ТАРИХНАМАСЫНДА

Мейрамбеков А.Қ., PhD докторанты

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Мәдениет көп өлшемді ұғым екені белгілі, сондықтан оның мазмұнын ашатын көптеген анықтамалар бар. Егер біз оны әлеуметтік болмыстың шындығына қатысты қарастыратын болсақ, онда ол - құндылықтар мен мағыналардың ерекше жиынтығымен сипатталатын қауымдастықты білдіреді [1]. Қоғам мен мәдениеттің айырмашылығы оның анықтамасын адам жасаған құндылықтардың жиынтығы ретінде көрсетеді. Мәдениет әлемі - бұл материалдық және идеалды рухани құндылықтар әлемі, яғни адамға қатысты қабылданған материалдық және идеалды объектілер әлемі, адами мағыналарға толы әлем [2].